

Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 178-VII КРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 53-б. қараңыз.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданушыларға ынғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасының азаматы төлемге қабілетсіз болған кезде туындаитын қоғамдық қатынастарды реттейді, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін, сондай-ақ соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға арналған негіздерді, оларды жүргізу тәртібі мен шарттарын белгілейді.

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ағымдағы шығыстар – азаматтың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды сот қабылдаған күннен кейін пайда болған шығыстары, оның ішінде қаржы басқарушысының сыйақысы;

2) әдейі банкроттық – соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімдерін қолданғанға дейін үш жыл ішінде Қазақстан Республикасы азаматының кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындаудан жалтару мақсатында мүлікті иелікten шығару, жасыру немесе жою арқылы жеке мүдделері үшін жасаған әрекеттері;

3) банкрот – өзіне қатысты соттан тыс банкроттық рәсімі аяқталған немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің аяқталғаны туралы сот шешімі занды қүшіне енген борышкер;

4) борышкер – төлемге қабілетсіз болуы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сондай-ақ соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімдерін қолдануға негіз болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматы;

5) борышкедің мүліктік массасы – борышкедің сот арқылы банкроттық рәсімінде өндіріп алу қолданылуы мүмкін мүлкі;

6) бітімгершілік келісім – сот арқылы банкроттық рәсімінің кез келген сатысында борышкер мен кредиторлар арасында сот бекітетін келісім жасасу арқылы оны тоқтату мақсатында қолданылатын рәсім;

7) кредитор – борышкерге азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де міндеттемелерден, оның ішінде орындалуы борышкердің мүлік кепілімен қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша туындаитын талаптары бар тұлға;

8) кредиторлар талаптарының тізілімі – борышкерге қойылатын кредиторлар талаптарының мөлшері, туындау негіздері және күні көрсетілген тізбесі;

9) қаржы басқарушысы – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерінде қызметті жүзеге асыратын адам;

10) сот арқылы банкроттық рәсімі – кредиторлардың талаптарын борышкердің мүліктік массасы есебінен қанағаттандыру мақсатында борышкерге қатысты сот тәртібімен жүзеге асырылатын рәсім;

11) сottан тыс банкроттық рәсімі – екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың немесе коллекторлық агенттіктердің алдындағы міндеттемелерді тоқтату мақсатында борышкерге қатысты сottан тыс тәртіппен жүзеге асырылатын рәсім.

Осы тармақшада көрсетілген міндеттемелерге қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган барлық банк операцияларын жүргізуге, микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензиялардан айырған не микроқаржы ұйымдарының, коллекторлық агенттіктердің тізілімдерінен шығарылған, оның ішінде таратылған, таратылу сатысындағы екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін, микроқаржылық қызметті жүзеге асырған ұйымдардың немесе коллекторлық агенттіктердің, сондай-ақ жеке тұлғалардың банктік қарыз шарттары, қарыз (кредит) шарттары және микрокредит беру туралы шарттары бойынша талап ету құқығы тиесілі өзге де ұйымдардың алдындағы міндеттемелер де жатады;

12) төлемге қабілетсіздік – борышкердің ақшалай міндеттемелерді және ақшалай сипаттағы өзге де талаптарды толық көлемде орындауға қабілетсіз болуы;

13) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары – іске асыру мерзімдері көрсетіле отырып, борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтитын құжат;

14) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі – сот тәртібімен қолданылатын рәсім, оның шенберінде борышкерге борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған қаржылық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-шаралар қолданылады;

15) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғандағыдан өзгеше қағидалар белгіленсө, халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу саласы

1. Осы Заң дара кәсіпкер ретінде тіркелемеген Қазақстан Республикасы азаматының төлемге қабілетсіз болуына байланысты туындастын қатынастарға қолданылады.

2. Кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмауына байланысты дара кәсіпкерлерде туындастын қатынастар Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында реттеледі.

3. Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану, сондай-ақ бітімгершілік келісім жасасу туралы арызды осы Заңда белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, азаматтық сот ісін жүргізуіндік жалпы қағидалары бойынша қарайды.

4-бап. Азаматтарға төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін, сондай-ақ соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану қағидаттары

Азаматтарға төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін, сондай-ақ соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) заңдылық;
- 2) әділдік;
- 3) жариялылық пен ашықтық;
- 4) мемлекеттік реттеу;
- 5) азаматтардың адалдығы;
- 6) салдардың басталуы.

5-бап. Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беру үшін негіздер

1. Респубикалық бюджет туралы занда белгіленген және арыз берілген күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен аспайтын міндеттемелердің болуы және жиынтығында мынадай:

1) ортақ меншіктегі мұлікті қоса алғанда, меншік құқығында мұліктің болмауы;

2) арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша мұндай арыз берілген күнге қатарынан он екі ай бойы өтеудің болмауы;

Респубикалық бюджет туралы занда белгіленген және төлем күнінде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің бір еселенген мөлшерінен асатын сомадағы төлем өтеу болып есептеледі.

Өтеудің болмау мерзімі әрбір банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша соңғы төлем күнінен бастап есептеледі.

Егер коллекторлық агенттік төлемнің болмауының өзге мерзімін растамаған жағдайларды қоспағанда, құқықты (талапты) басқаға беру шарты бойынша коллекторлық агенттікке берілген банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша өтеудің болмау мерзімі соңғы төлем күнінен бастап құқық (талап ету) коллекторлық агенттікке берілгенге дейін есептеледі;

3) кредитор мен борышкердің "Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы" және "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және (немесе) өндіріп алу жөніндегі рәсімдерді жүргізуі шарттарына сәйкес келуі уәкілетті органға соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болып табылады.

Осы тармақшада көрсетілген берешекті реттеуді және (немесе) өндіріп алушы жүргізу жөніндегі шараларды мерзімі өткен берешек туындаған кезден бастап он екі айдан аспайтын мерзімдерде жүргізу қажет;

Осы тармақшаның талаптары осы Заңның 1-бабы 11) тармақшасының екінші бөлігінде көзделген міндеттемелерге қолданылмайды;

4) арыз берілген күнге дейін жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің қолданылмауы шарттарына сәйкес келуі уәкілетті органға соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болып табылады.

2. Егер борышкер арыз берілген күннің алдындағы алты ай ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылса, осы баптың 1-тармағы 2) тармақшасының ережесіне қарамастан, ол арыз беруге құқылы болады.

3. Егер міндеттемелерді орындау мерзімі арыз берілген күнге бес жылдан асса, осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, борышкер арыз беруге құқылы болады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

6-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беру негіздері

1. Борышкерге тиесілі мұлік құнының оның барлық міндеттемелерінің (оның ішінде орындалу мерзімі басталмаған) мөлшерінен асып кету фактісі және (немесе) тұрақты кірісінің болуы сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіздер болып табылады.

2. Мыналар сотқа сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіздер болып табылады:

1) республикалық бюджет туралы занда белгіленген және осы Заңның 1-бабының 11) тармақшасында көзделген кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша арыз берілген күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен асатын міндеттемелердің болуы.

Егер борышкер осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген шартқа сай келмесе, осы тармақшаның міндеттемелер мөлшері бөлігіндегі ережесі қолданылмайды;

2) өзге кредиторлар алдында міндеттемелердің болуы;

3) осындай арыз берілген күні қатарынан он екі ай ішінде кредиторлар алдындағы міндеттемелерді өтеудің болмауы.

Республикалық бюджет туралы занда белгіленген және төлем күнінде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің бір еселенген мөлшерінен асатын сомадағы төлем өтеу болып есептеледі;

4) арыз берілген күні жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану фактісінің болмауы;

5) борышкерге қатысты "Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы" және "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және (немесе) өндіріп алу жөніндегі рәсімнің жүргізілуі.

Осы тармақшада көрсетілген, берешекті реттеуді және (немесе) өндіріп алушы жүргізу жөніндегі шараларды мерзімі өткен берешек пайда болған кезден бастап он екі айдан аспайтын мерзімдерде жүргізу қажет.

Осы тармақшаның талаптары осы Заңның 1-бабы 11) тармақшасының екінші бөлігінде көзделген міндеттемелерге қолданылмайды.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

7-бап. Борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сottан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімдеріндегі өкілеттіктері

1. Борышкер:

1) осы Заңның 5-бабында көзделген негіздер бойынша сottан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызben уәкілетті органға жүгінуге;

2) Осы Заңның 6-бабында көзделген негіздер бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызben сотқа жүгінуге;

3) осы Заңда көзделген тәртіп сақталған жағдайда өз мұлкін иеліктен шығару бойынша мәмілелер жасасуға;

4) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімінде өзі және өзінің асырауындағы отбасының енбекке қабілетсіз мүшелері үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс шамасы мөлшеріндегі ақшаны ай сайын өз иелігінде қалдыруға құқылы.

Борышкер ай сайын өз иелігінде қалдыратын ақша мөлшерін кредиторлар ұлғайта алады;

5) осы Заңда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

2. Борышкер:

1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, кредиторды төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызben жүгінгені туралы хабардар етуге;

2) егер сottан тыс банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде өзінің меншігіне кредиторлар алдындағы өз міндеттемелерін толық немесе отыз пайыздан асырып орындауына мүмкіндік беретін мұлік түскен немесе өзінің мұліктік жағдайы өзгеше түрде өзгерген не кредитормен кредитордың алдындағы берешекті реттеу туралы келісім жасасқан жағдайда уәкілетті органға "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы, "Электрондық үкімет" веб-порталы және (немесе) арнаулы мобильдік қосымша арқылы мұндай рәсімді тоқтату туралы арызben жүгінуге;

3) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасын әзірлеуге қатысуға;

4) уәкілетті органның, қаржы басқарушысының, сондай-ақ кредиторлардың жазбаша сұрау салуы негізінде, оны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, оларға өзінің қаржылық жағдайы, мұлкі және міндеттемелері туралы анық ақпаратты беруге;

5) қаржы басқарушысына өзінің қаржылық жағдайы, мұлкі және міндеттемелері туралы ақпарат алуда жәрдем көрсетуге;

6) қаржы басқарушысының осы Занда көрсетілген талаптарын орындауға және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі келтірмеуге;

7) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының іс-шараларын орындауға;

8) осы Заңның 32-бабының 1-тармағына сәйкес кредиторға (кредиторларға) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат беруге;

9) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделген мәмілелерді қоспағанда, өзіне жаңа ақшалай немесе мұліктік міндеттемелерді қабылдамауға;

10) оқиға басталған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде кредиторларды еңсерілмейтін құشتің, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, әскери қимылдар, төтенше жағдай және басқалар) салдарынан не үшінші тұлғалардың кінесінен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындаудың мүмкін болмағаны туралы хабардар етуге;

11) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау мерзімі аяқталғаннан кейін немесе ол мерзімінен бұрын орындалған кезде сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін аяқтау туралы өтінішхатпен жүгінуге;

12) соттың мынадай:

сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы;

төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімдерінің бірі заңды қүшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мұліктік массаны қаржы басқарушысының басқаруына беруге;

13) осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданыска енгізіледі)
Заңымен.

8-бап. Кредиторлардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімдеріндегі өкілеттіктері

1. Кредитор:

1) борышкерге өз талаптарын осы Занда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мәлімдеуге;

2) борышкерден, қаржы басқарушысынан осы Занда көзделген рәсімдерге қатысты ақпаратты, сондай-ақ борышкердің қаржылық жағдайы, оның мұлкі мен міндеттемелері туралы анық ақпаратты алуға;

3) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімінде борышкердің ай сайын өз иелігінде қалдыратын ақша мөлшерін ұлғайту туралы мәселені қарауға;

4) банкроттың міндеттемелерін тоқтатудан бас тартуға негіз болып табылатын, белгілі болған мән-жайлар туралы қаржы басқарушысына және сотқа хабарлауға;

5) борышкерді әдейі банкроттық тұрғысынан тексеру мақсатында уәкілетті органға арыз беруге;

6) осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

2. Кредитор:

1) борышкерге өз талаптарын мәлімдеген кезде, өз талаптарының негізі мен мөлшерін растайтын құжаттарды қаржы басқарушысына ұсынуға;

2) қаржы басқарушысының сұрау салуы бойынша борышкердің төлемге қабілетсіз болуының туындау себептері, оның қаржылық жағдайы, мүлкі мен міндеттемелері туралы қолда бар ақпаратты сұрау салу алынған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей беруге;

3) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасын қарауға және өзінің ұсыныстарын және (немесе) ескертулерін (олар болған кезде) осы Занда белгіленген мерзімде енгізуғе;

4) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасын қарау кезінде осы Заңның 29-бабының 2-тармағында көзделген берешекті қайта құрылымдау құралдарының бірін ұсынуға міндettі.

Осы тармақшаның күші алименттер төлеу, өмірге немесе денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу бойынша кредиторларға қолданылмайды;

5) осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндettі.

3. Осы баптың 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген міндettі орындаған кредитордың талаптары осы Заңның 40-бабының 6-тармағында көзделген тәртіппен қанағаттандырылуға жатады.

9-бап. Уәкілетті органдың өкілеттіктері

Уәкілетті орган:

1) борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызының нысанын бекітеді;

2) қаржы басқарушысының қорытындысының нысанын бекітеді;

2-1) кредиторлар талаптары тізілімінің нысанын бекітеді;

3) төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің үлгілік жоспарының нысанын бекітеді;

4) қаржы басқарушысының банкроттық міндеттемелерін тоқтатуға негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы қорытындысының нысанын бекітеді;

5) қаржы басқарушысының қорытынды есебінің нысанын бекітеді;

6) қаржы басқарушының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерін бұзу бойынша әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарайды;

7) тұлғалардың қаржы басқарушылары қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалары бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізеді;

8) тұлғалар жіберген қаржы басқарушылары қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар, осындай хабарламаларды жіберу шарттары туралы мәліметтерді уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады;

9) өздеріне қатысты осы Занда көзделген рәсімдер қолданылған, тоқтатылған және аяқталған азаматтардың тізімін уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады;

10) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген заңмен қорғалатын құпияны беру тәртібіне қойылатын талаптарды ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сондай-ақ соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімдерінің шенберінде мемлекеттік органдардан олардың құзыretі шегінде, жеке және занды тұлғалардан борышкер, оның мүлкі мен міндеттемелері туралы ақпаратты сұратады;

11) қаржы басқарушысына борышкердің қаржылық жағдайы, оның мүлкі мен міндеттемелері туралы ақпаратты береді;

12) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерінде қаржы басқарушысының қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

13) борышкердің және банкроттың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14) қаржы басқарушысын тағайындауды және қызметтен шеттегеді;

15) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

10-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдеріндегі қаржы басқарушысының қызметін мемлекеттік бақылау

1. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерінде қаржы басқарушысының қызметін мемлекеттік бақылау тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Тексеруді және бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды үйимдастыру және жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалады.

Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде және осы Занға сәйкес жүзеге асырылады.

11-бап. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау

1. Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу, оларға жол бермеу және бақылау субъектісіне үәкілетті орган анықтаған бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын беру бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

Қаржы басқарушысы бақылау субъектісі болып табылады.

2. Бақылау субъектісі ұсынған есептілікті, үәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен электрондық ақпараттық ресурстардан алған мәліметтерді және бақылау субъектісінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде алған деректерді салыстыру бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылауды жүргізу тәсілі болып табылады.

3. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған кезде бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, бақылау субъектісіне оларды жою тәртібі міндетті түрде түсіндіріле отырып, үәкілетті орган белгілеген нысан бойынша хабарлама жіберіледі.

Хабарлама бақылау субъектісіне жеке қолын қойғызып немесе оны жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген хабарлама мынадай жағдайларда:

- 1) қолма-қол тәсілмен – хабарламада алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;
- 2) электрондық тәсілмен:

қаржы басқарушысының үәкілетті органда қызметінің басталғаны немесе деректерінің өзгергені туралы хабарламада көрсетілген электрондық мекенжайына үәкілетті орган жөнелткен күннен бастап;

үәкілетті орган хабарламаны үәкілетті органның интернет-ресурсы және (немесе) арнаулы мобиЛЬДІК қосымша арқылы жеткізген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Аталған тәсіл Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес үәкілетті органмен электрондық тәсілмен өзара іс-қимыл жасайтын және (немесе) арнаулы мобиЛЬДІК қосымшаны пайдаланатын бақылау субъектілеріне қолданылады.

4. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

5. Бақылау субъектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген кезде хабарлама табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға қарсылықты жіберуге құқылы.

6. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындау бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартышылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындауға алып келеді.

7. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау тоқсан сайын жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. Құпиялық

1. Уәкілетті орган мен қаржы басқарушысы борышкердің келісімін алмай, осы Заңда көзделген рәсімдерді қолданудың алдындағы үш жылға дейінгі кезең үшін борышкердің қаржылық жағдайы, оның мүлкі мен міндеттемелері туралы мәліметтерді сұратуға және алуға құқылы.

2. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, қаржы басқарушысының не уәкілетті органның лауазымды адамының борышкер туралы өздеріне сеніп тапсырылған немесе қызметі немесе жұмысы бойынша белгілі болған, Қазақстан Республикасының заңдарымен қоргалатын мәліметтерді жария етуі, сол сияқты осындай мәліметтерді қамтитын құжаттарды жоғалтуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

3. Уәкілетті органның немесе қаржы басқарушысының өздеріне берілген ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда мемлекеттік органдарға беруі құпия ақпаратты жария ету болып табылмайды.

4. Осы Заңда көзделген рәсімдерді жүргізу кезінде мынадай:

- 1) қаржы басқарушысы;
- 2) кредиторлар;
- 3) кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген талаптардың сомасы және кезектер бөлінісінде оларды қанағаттандыру мөлшері;
- 4) рәсімдерді жүргізу мерзімдері;
- 5) кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру графигінің орындалуы;
- 6) қаржы басқарушысының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдардың болуы және оларды қарау нәтижелері;
- 7) қаржы басқарушысын анықталған құқық бұзушылық фактілері бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту;

- 8) осы Заңда көзделген рәсімдерді тоқтату негіздері;
- 9) осы Заңда белгіленген құқықтарды іске асыру шенберінде уәкілеттік берілген адамдар бастамашылық жасаған сот талқылаулары туралы ақпарат құпия болып табылмайды.

13-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сottan тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімдеріне қатысушылардың өзара іс-қимылы

Егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сottan тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімдеріне қатысушылар Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға құқылы.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сottan тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсіміне қатысушылар электрондық тәсілмен өзара іс-қимыл жасаған кезде уәкілетті органның интернет-ресурсын пайдаланады.

**Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.**

14-бап. Борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану және мүлікті қайтару

1. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер болған кезде, егер мәмілелерді борышкер немесе ол уәкілеттік берген тұлға төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерін қолдану туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл ішінде жасаса, олар жарамсыз деп танылады.

2. Осы бапта көзделген мәмілелер анықталған кезде қаржы басқарушысы, оның ішінде мәмілені анықтаған кредитордың өтінішхаты бойынша, осындай мәмілелер анықталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларды жарамсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүргінуге міндетті.

3. Мәміле жарамсыз деп танылған кезде жауапкер мәміле бойынша алынғаның бәрін қайтаруға, заттай қайтару мүмкін болмаған кезде, егер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде немесе өзге заңдарда мәміленің жарамсыз болуының өзге салдары көзделмесе, қайтарылуға жататын мүліктің құнын, мүлікті пайдаланудың, орындалған жұмыстардың немесе көрсетілген қызметтердің құнын ақшамен өтеуге міндетті.

Бұл ретте жауапкер борышкерге талап қою құқығына ие болады, ол осы Заңының 40-бабының 4-тармағына сәйкес қанағаттандырылуға жатады.

4. Мүліктің жоғалуына, бұлғыніне не кейіннен үшінші тұлғалардың адал жолмен сатып алуына байланысты оны қайтару мүмкін болмаған кезде немесе мүлік өтеусіз берілген кезде, талап етілетін мүлікті бастапқы сатып алушылар борышкердің алдында

жоғарыда санамаланған әрекеттерге байланысты туындаған залалдарды өтеу бойынша жоғалған, бұлған, берілген не үшінші тұлғалар адал жолмен сатып алған мүліктің қуны шегінде жауапты болады.

15-бап. Қаржы басқарушысы

1. Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес қаржы басқарушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламасы рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізілген Қазақстан Республикасының азаматы қаржы басқарушысы болып әрекет ете алады.

2. Қаржы басқарушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаны:

1) "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметті жүзеге асыратын әкімші;

2) кәсіби бухгалтер;

3) аудитор;

4) заң консультанты беруге құқылы.

3. Қаржы басқарушысының қызметі кәсіпкерлік қызметке жатпайды, сондай-ақ аудиторлық қызмет болып табылмайды.

4. Егер арыз беруші осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адам болып табылған жағдайда, қаржы басқарушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаға кәсіби бухгалтердің сертификаты қоса беріледі.

5. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген адамдар қаржы басқарушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаны мынадай мән-жайлар:

1) психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда психикасының, мінез-құлқының бұзылуларына (ауруларына), оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты есепте тұратыны туралы мәліметтер болмаған;

2) жойылмаған немесе алынбаған сottалғандығы болмаған;

3) соттың әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танығаны туралы мәліметтер болмаған кезде береді.

6. Қаржы басқарушысы мынадай:

1) борышкерге немесе оның кредиторларына талаптары немесе міндеттемелері болған;

2) егер ол борышкердің немесе кредитордың жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туысы болған жағдайларда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға құқылы емес.

7. Қызметтің басталғаны туралы хабарламада көрсетілген деректер өзгерген кезде қаржы басқарушысы деректер өзгерген күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға көрсетілген өзгерістер туралы хабарлама жіберуге міндетті.

7-1. Уәкілетті орган осы баптың 6-тармағында белгіленген мән-жайларды анықтаған кезде қаржы басқарушысы өкілеттіктерін орындаудан бас тартқан жағдайда оны белгілі бір борышкерге қатысты өз өкілеттіктерін орындаудан шеттетеді.

Осы тармаққа сәйкес қаржы басқарушысын шеттету оны өкілеттіктерін жүзеге асырудан шеттетуге алып келмейді және қаржы басқарушысына басқа борышкерлерге қатысты өкілеттіктер беруге кедергі келтірмейді.

8. Қызметі тоқтатылған кезде қаржы басқарушысы қызметі тоқтатылған кезден бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға тиісті хабарлама жіберуге міндетті.

9. Уәкілетті орган мынадай:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;
- 2) осы баптың 5-тармағында көзделген құжат ұсынылмаған;
- 3) уәкілетті орган осы баптың 6-тармағында көзделген мән-жайларды анықтаған;
- 4) тексерудің нәтижелері бойынша осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген талаптарды бұзушылықтар анықталған;
- 5) қылмыстық іс тоқтатылған не қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9) және 12) тармақтарында немесе 36-бабының бірінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша босатылған;
- 6) осы тұлғаға қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 7) психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсету ұйымдарында психикасының, мінез-құлқының бұзылуларына (ауруларына), оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты есепке қойылған;
- 8) сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;
- 9) қаржы басқарушысы қызметін тоқтату туралы хабарлама берген;
- 10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшінің, кәсіби бухгалтердің, аудитордың, заң консультантының қызметі тоқтатылған немесе қызметімен айналысу құқығынан айырылған;
- 11) қайтыс болған немесе сот қайтыс болды деп жариялаған не хабарсыз кетті деп танылған жағдайларда, қаржы басқарушысының хабарламасын рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен алып тасталды.

10. Уәкілетті орган осы баптың 9-тармағында белгіленген жағдайлар анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысының хабарламасын рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен алып тастауды жүзеге асырады.

11. Уәкілетті орган хабарламаны рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен алып тастаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде борышкер мен кредиторға қаржы басқарушысының осындай тізілімнен алып тасталғаны туралы және жаңа қаржы басқарушысының тағайындалуы туралы ақпарат жібереді.

12. Уәкілетті орган хабарламасын рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен алып тастаған адам алып тастау себептері жойылған жағдайда, бірақ алып тасталған күннен бастап үш жыл өткен соң қаржы басқарушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаны қайтадан беруге құқылы.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-тaraу. СОТТАН ТЫС БАНКРОТТЫҚ РӘСІМІ

16-бап. Борышкердің сottan тыс банкроттық ресімін қолдану туралы арызы

1. Борышкер сottan тыс банкроттық ресімін қолдану туралы арызды "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы, "электрондық үкімет" веб-порталы және (немесе) арнаулы мобиЛЬДІК қосымша арқылы белгіленген нысан бойынша береді.

2. Алып тасталды – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Борышкер осы Заңның 5-бабында көзделген мән-жайларға сәйкес келген және жұбайының (зайыбының) (бар болған жағдайда) келісімі болған кезде, уәкілетті орган борышкер туралы мәліметтерді он бес жұмыс күні ішінде "электрондық үкімет" веб- порталында орналастырады.

4. Борышкер осы Заңның 5-бабында көзделген мән-жайларға сәйкес келмеген және жұбайының (зайыбының) (бар болған жағдайда) келісімі болмаған кезде уәкілетті орган он бес жұмыс күні ішінде уәкілетті орган белгілеген нысанда sottan тыс банкроттық ресімін қолданудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

5. Борышкер sottan тыс банкроттық ресімін қолданудан бас тартуға себеп болған негіздерді жойғаннан кейін, бірақ бас тартуды алған күннен кейін үш ай өткен соң sottan тыс банкроттық ресімін қолдану туралы арызды қайтадан беруге құқылы.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Сottan тыс банкроттық ресімін қолдану

1. Уәкілетті органның sottan тыс банкроттық ресімін жүргізу мерзімі борышкер туралы мәліметтер "электрондық үкімет" веб- порталында орналастырылған күннен бастап алты айды құрайды.

2. Борышкер туралы мәліметтер "электрондық үкімет" веб- порталында орналастырылған күннен бастап мынадай салдар басталады:

1) борышкердің осы Заңның 1-бабының 11) тармақшасында көрсетілген, олар туралы мәліметтер кредиттік бюrolардың дерекқорында көрсетілген кредиторлар алдындағы борыштық міндеттемелерінің мерзімдері өткен болып есептеледі;

2) осы Заңның 1-бабының 11) тармақшасында көрсетілген, олар туралы мәліметтер кредиттік бюrolардың дерекқорында көрсетілген кредиторлардың борышкерден міндеттемелерді орындауды талап етуіне тыйым салынады;

3) борышкердің осы Заңның 1-бабының 11) тармақшасында көрсетілген, олар туралы мәліметтер кредиттік бюrolардың дерекқорында көрсетілген кредиторлар алдындағы берешегінің барлық түрі бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) және сыйақыны есепке жазу тоқтатылады;

4) борышкердің жаңа ақшалай немесе мұліктік міндеттемелерді қабылдауына (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) тыйым салынады;

5) уәкілетті органның мемлекеттік органдар мен өзге де органдардан және үйымдардан борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану алдындағы үш жылға дейінгі кезеңдегі жалпы ортақ мүлкін қоса алғанда, мүлкі туралы ақпарат алуына борышкердің келісімі берілген деп есептеледі;

6) борышкердің банктік шоттарынан кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру есебіне ақша өндіріп алуға жол берілмейді;

7) осы Заңның 1-бабының 11) тармақшасында көрсетілген, олар туралы мәліметтер кредиттік бюrolардың дерекқорында көрсетілген кредиторлар алдындағы борышты өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау тоқтатыла тұрады;

8) кредитордың "Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы", "Микроқаржылық қызмет туралы" және "Коллекторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген реттеу және (немесе) өндіріп алу шараларын қолдануына тыйым салынады.

ЕскеRTу. 17-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

18-бап. Соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату

1. Соттан тыс банкроттық рәсімі, егер мұндаидай рәсімді жүргізу мерзімі ішінде:

1) борышкер өзінің меншігіне кредиторлар алдындағы өз міндеттемелерін толық немесе отыз пайыздан асырып орындауына мүмкіндік беретінін мұліктің түсуіне немесе өзінің қаржылық және (немесе) мұліктік жағдайының өзгеруіне не кредитормен кредитордың алдындағы берешекті реттеу туралы келісім жасасуына байланысты уәкілетті органға соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату туралы арызды "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы, "Электрондық үкімет" веб-порталы және (немесе) арнаулы мобиЛЬДІК қосымша арқылы берсе;

2) мұлікті немесе мұліктік міндеттемелерді, мұліқ, оның мөлшері, тұрған жері туралы мәліметтерді не мұлік туралы өзге де ақпаратты жасыру, мұлікті өзгенің иеленуіне беру, мұлікті иеліктен шығару немесе жою, сондай-ақ мұлік туралы мәліметтерді көрсететін құжаттарды жасыру, жою, бұрмалау фактілері анықталса;

3) борышкер қайтыс болса, сottың оны хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды қүшіне енсе;

4) борышкердің осы Заңның 5-бабында көрсетілген негіздерге сәйкес келмеу фактілері, оның ішінде кредитордың өтініші бойынша анықталса, тоқтатылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 1), 2) және 4) тармақшаларының талаптары осы Заңның 5-бабы 3-тармағының негізінде сottан тыс банкроттық рәсімін қолданған борышкерлерге қатысты болмайды.

2. Уәкілетті орган сottан тыс банкроттық рәсімінің тоқтатылғаны туралы хабарландыруды "электрондық үкімет" веб-порталында орналастыру арқылы осындай рәсімді тоқтатуды жүзеге асырады.

3. Сottан тыс банкроттық рәсімін тоқтату борышкердің кредиторлар алдындағы міндеттемелерін тоқтатуға алып келмейді.

Сottан тыс банкроттық рәсімі тоқтатылған күннен бастап осы Заңның 17-бабының 2-тармағында көзделген салдардың қолданылуы тоқтатылады.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданыска енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Сottан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді міндеттемелерден босату

1. Осы Заңның 18-бабына сәйкес сottан тыс банкроттық рәсімін тоқтату үшін негіздер болмаған кезде "электрондық үкімет" веб-порталында борышкер туралы мәліметтер орналастырылған күннен бастап алты ай өткен соң уәкілетті орган сottан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарады. Шешім уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша шығарылады және "электрондық үкімет" веб-порталында орналастырылуға тиіс.

2. Борышкердің осы Заңның 11) тармақшасында көрсетілген, олар туралы мәліметтер кредиттік бюролардың дерекқорында көрсетілген кредиторлар алдындағы міндеттемелері сottан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді банкрот деп тану туралы хабарландыру "электрондық үкімет" веб-порталында орналастырылған күннен бастап тоқтатылады.

3. Сottан тыс банкроттық рәсімінің аяқталғаны туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жыл бойы банкротқа қарыздар (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) берілмейді, сондай-ақ одан банктік қарыз және микрокредит беру шарттары бойынша кепіл, кепілдік және кепілгерлік түріндегі қамтамасыз ету қабылданбайды.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-тарау. ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ НЕМЕСЕ СОТ АРҚЫЛЫ БАНКРОТТЫҚ РӘСІМІ

20-бап. Борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызы

1. Борышкер осы Заңың 6-бабында көзделген негіздер болған кезде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызбен сотқа жүгінеді.

2. Борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында береді.

Борышкердің арызында:

- 1) арыз берілетін сottың атауы;
- 2) кредиторлардың талаптарын қанағаттандыра алмаудың негіздемесі;
- 3) қоса берілетін құжаттардың тізбесі қамтылуға тиіс.

Борышкердің арызында, егер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы істі қарау үшін қажет болса, өзге де мәліметтер, сондай-ақ арыз берушіде бар өтінішхаттар көрсетілуі мүмкін.

3. Борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызына:

1) барлық кредиторлар мен дебиторлардың тізбесі (берешектердің сомасын және олардың қалыптасқан күнін, оларды кейіннен хабардар ету үшін тұрғылықты жерінің немесе тұрған жерінің мекенжайын, электрондық мекенжайларын және байланыс телефондарының нөмірлерін (осындай ақпарат болған кезде) көрсете отырып);

2) банкрот деп тану туралы арызбен жүгінгенге дейін кемінде алты ай бұрын жасалған бағалау туралы есепті (ол болған кезде) қоса бере отырып, борышкер мүлкінің тізімдемесі;

3) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз бергенге дейінгі соңғы үш жыл ішіндегі азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де, оның ішінде талаптары борышкердің мүлік кепілімен қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша міндеттемелердің тізбесі;

4) борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеуді жүргізу жөнінде шаралар қабылданғанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі;

Екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның және (немесе) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның себептерінің уәжді негіздемесі көрсетілген банктік қарыз шартының және (немесе) микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту туралы жауаптары осы тармақшада көрсетілген рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжаттар болып табылады.

Екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым және (немесе) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым борышкердің арызына жауап бермен жағдайда, борышкер арызының көшірмесі немесе арыздың электрондық форматта жіберілгені туралы растама осы тармақшада көзделген рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжат болып табылады.

Мерзімі өткен берешек пайда болған кезден бастап он екі айдан асқан жағдайда осы тармақшада көзделген құжатты ұсыну талап етілмейді.

4. Борышкердің осы бапта белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызын сот оны қарамастан кері қайтарады.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

21-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізууді қозғау

1. Арыз осы Заңың 20-бабында белгіленген шарттарға сәйкес келген жағдайда сот арыз келіп түсken күnnен бастап он жұмыс күnінен кешіктірмей, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы ұйғарым шығарады.

2. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы ұйғарымда уәкілетті органның осындай ұйғарым шығарылған күnnен бастап екі жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысын тағайындау міндепті, сондай-ақ борышкердің, мұлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және өзге де органдардың, сондай-ақ "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының осы Заңың 22-бабының 1-тармағында көзделген салдарды орындау жөніндегі міндептері көрсетіледі.

Сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы ұйғарымда борышкердің мұліктік массасына түгендеге жүргізу үшін оған қаржы басқарушысының қол жеткізуін қамтамасыз ету бойынша борышкердің міндепті де көрсетіледі.

3. Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы сот ұйғарымының көшірмелерін борышкерге,

уәкілетті органға және борышкердің тұрғылықты жері бойынша аумақтық әдіlet органына және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына жолдайды, олар мұлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асырады.

22-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғаудың салдары

1. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап мынадай салдар басталады:

1) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген борыштық міндettемелерінің мерзімдері өткен болып есептеледі;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген кредиторлардың борышкерден міндettемелерді орындауды талап етуіне тыйым салынады;

3) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) және сыйақыны есепке жазу тоқтатылады;

4) борышкердің өзіне жаңа ақшалай немесе мұліктік міндettемелерді қабылдауына (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) тыйым салынады;

5) кредиторлардың мемлекеттік органдардан және өзге де органдар мен үйымдардан борышкердің мұлкі туралы ақпарат алуына борышкердің келісімі берілген деп есептеледі;

6) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде емделу, жақын туысын емдеуге алып жүру, жақын туысын жерлеу қажет болған жағдайларды қоспағанда, борышкердің Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығуына тыйым салынады;

7) борышкердің банктік шоттарынан кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру есебіне ақшаны өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мұлкіне өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді;

8) осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, борышкерге талаптар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің шенберінде ғана қойылуы мүмкін;

9) борышкердің мұлкіне қатысты атқарушылық құжаттардың орындалуы тоқтатыла тұрады;

10) мемлекеттік органдардың, өзге де органдар мен үйымдардың борышкер мұлікті беруге, мұліктік міндettемелерді төлеуге немесе өзге де тәсілмен орындауга міндettі болатын шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады.

11) кредитордың "Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы", "Микроқаржылық қызмет туралы" және "Коллекторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген реттеу және (немесе) өндіріп алу шараларын қолдануына тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 1), 2), 3), 7), 8) және 9) тармақшаларының ережелері алименттер туралы және өмірге немесе денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарға қолданылмайды.

2. Борышкер үшінші тұлғалардың кепілдігімен, кепілгерлігімен немесе кепілімен қамтамасыз етілген өз міндеттемелерін орындаған жағдайда, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізу ді қозғау кредитордың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы істің шенберінен тыс борышкердің орындалмаған міндеттемелері бойынша кепілдік етушілерге, кепілгерлерге және кепіл берушілерге талаптар қою жөніндегі әрекеттерді жүзеге асыруына кедергі болмайды.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

23-бап. Қаржы басқарушысының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін жүргізу кезіндегі өкілеттіктері

1. Уәкілетті орган сottың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қозғау туралы ұйғарымы шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламалары Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізілген адамдар ішінен қаржы басқарушысын тағайындауды.

2. Осы Заңда қаржы басқарушысына жүктелген өкілеттіктерді өзге тұлғаларға беруге болмайды.

3. Егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімінде қаржы басқарушысының сыйақысы борышкердің қаражаты есебінен төленеді.

Қаржы басқарушысы ай сайынғы сыйақысының мөлшері тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір ең төмен жалақының мөлшерін құрайды.

4. Борышкердің ақшасын есепке жатқызу, ағымдағы шығыстарды өтеу және сот арқылы банкроттық рәсімінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін қаржы басқарушысы банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға мемлекеттік кірістер органының сұрау салуы негізінде банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның осы шот бойынша

ақша қозғалысы туралы мәліметтерді беруіне келісім бере отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындаған тәртіппен екінші деңгейдегі банктеке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда) өзінің атына ағымдағы шот ашады.

Борышкердің ақшасын есепке жатқызу, ағымдағы шығыстарды өтеу және сот арқылы банкроттық рәсімінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін қаржы басқарушысының ағымдағы шотында жатқан ақша оның меншігі және (немесе) кірісі болып табылмайды және оның мұрасына қосылмайды.

Борышкердің ақшасын есепке жатқызу, ағымдағы шығыстарды өтеу және сот арқылы банкроттық рәсімінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін қаржы басқарушысының ағымдағы шотына қаржы басқарушысының міндеттемелері бойынша тыйым салуға, өндіріп алуды қолдануға және шығыс операцияларын тоқтата түруға жол берілмейді.

**Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.**

24-бап. Қаржы басқарушысының қорытындысы

1. Борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтер жинауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша қаржы басқарушысы белгіленген нысан бойынша төменде санамаланған тұжырымдардың бірін:

- 1) борышкер төлемге қабілетсіз және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдануға негіздердің бар болуын;
- 2) борышкер төлемге қабілетсіз және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға негіздердің бар болуын;
- 3) борышкер төлемге қабілетті және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға негіздердің жоқ екенін қамтитын қорытынды жасайды.

Қорытынды сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде сотқа ұсынылады.

2. Борышкер төлемге қабілетті және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға негіздер жоқ деген тұжырымдарды қамтитын қорытындыны қаржы басқарушысы осы Заңың 6-бабында көзделген бір немесе бірнеше мән-жай болмаған кезде жасайды.

25-бап. Борышкердің мұлкін түгендеу

1. Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысы борышкердің мүлкіне түгендеу жүргізеді.

2. Мұлікті түгендеу борышкердің қатысуымен жүргізіледі.

Мұлікті түгендеу кезінде борышкердің жақын туыстары немесе оның өкілеттік беруі бойынша өзге адамдар да қатыса алады.

3. Борышкердің мүлкін түгендеу актісінде:

1) актінің жасалған уақыты мен орны;

2) акт жасаған қаржы басқарушысының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

3) борышкердің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

4) әрбір заттың атауы, оның ерекше белгілері;

5) жеке-жеке әрбір заттың және барлық мұліктің нарықтық құны көрсетіледі.

Борышкердің мүлкін түгендеу актісіне қаржы басқарушысы мен борышкер (ол үәкілеттік берген адам) қол қояды.

4. Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешім қабылдаған жағдайда, түгендеу актісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

26-бап. Борышкердің мүлкін бағалау

1. Қаржы басқарушысы осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімдерде бағалаушыны тарта отырып, борышкердің мүлкіне бағалау жүргізуге міндettі.

2. Қаржы басқарушысы бағалаушыны өзі дербес айқындайды.

Бағалаушының көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу ағымдағы шығыстарға жатады.

Мұлікті бағалау туралы есеп бағалау жүргізу туралы шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

Бағалаушы бағалау туралы есепті ұсынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысы оны борышкер мен кредиторға жібереді.

3. Бағалау туралы есеппен келіспейтінін білдірген борышкер немесе кредитор бағалау туралы есеппен танысқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде оған сотқа шағым жасауға құқылы.

Қайталап бағалау бойынша көрсетілетін қызметке ақы төлеу шағым берген тұлғаға жүктеледі.

27-бап. Кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру

1. Қаржы басқарушысы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс бойынша іс жүргізуді қозғау және

кредиторлардың талаптарын мәлімдеу тәртібі туралы қазақ және орыс тілдеріндегі хабарландыруды уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін уәкілетті органға жібереді.

Хабарландыру уәкілетті орган қаржы басқарушысын тағайындаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Уәкілетті орган хабарландыруды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

2. Кредиторлар өздерінің борышкерге қойылатын талаптарын төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс бойынша іс жүргізууді қозғау және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыру уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде мәлімдеуге тиіс. Кредиторлардың талаптарын қабылдауды қаржы басқарушысы осы Заңның 13-бабына сәйкес хабарландыруда көрсетілген тәсілмен жүзеге асырады.

Кредиторлардың талаптарында кредитордың ұялы байланысының абоненттік нөмірі және электрондық мекенжайы (егер олар бар болса) туралы мәліметтер; салыстырып текстеру үшін құжаттардың түпнұсқалары бір мезгілде ұсынылып, талаптың негізі мен сомасын растайтын құжаттардың (соттардың занды күшіне енген шешімдері, шарттардың көшірмелері, борышкердің борышты тануы және басқалары) көшірмелері қоса беріле отырып, талап сомасы (негізгі борыштың, сыйақының (мұдденің), тұрақсыздық айыбының және өзге де айыппұл санкцияларының, залалдардың сомасы туралы жеке-жеке) туралы мәліметтер қамтылуға тиіс. Талап сомасы көрсетілген талап мәлімделген күнге айқындалады.

Егер осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген сыйақы (мұdde), тұрақсыздық айыбы және өзге де айыппұл санкциялары, залалдар бойынша талап сомасы соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімі қабылданған күнге өзгерілсе, онда кредитор соттың осындай шешімі қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде көрсетілген өзгерісті ескере отырып, өз талаптарын қайтадан мәлімдейді.

Кредиторлардың шетел валютасымен көрсетілген талаптары соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімі қабылданған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша теңгемен есепке алынады.

3. Қаржы басқарушысы кредитор мәлімдеген талап келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде талапты негізді (негіzsіz) деп тану және танылған талапты кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізу туралы шешім қабылдайды.

4. Қаржы басқарушысы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және тәртіппен қалыптастырылған кредиторлар талаптарының тізілімін уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін уәкілетті органға жібереді.

Уәкілдегі орган қаржы басқарушысынан кредиторлар талаптарының тізілімін алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Негіздер болған кезде кредитор және (немесе) борышкер уәкілдегі органның интернет-ресурсында кредиторлар талаптарының тізілімі орналастырылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысының талаптарды толық көлемде немесе оның бір бөлігін кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізгеніне (енгізбекеніне) уәкілдегі органға немесе сотқа шағым жасауға құқылы.

Шағым жасау сот арқылы банкроттық рәсімін тоқтата тұруға негіз болып табылмайды.

5. Өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі, алименттер төлеу жөніндегі талаптарды қоспағанда, кредитордың осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімнен кеш мәлімделген талабы кредиторлардың өз мерзімінде мәлімделген талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылуға жатады.

Кредиторлардың осы Заңда белгіленген мерзімнен кеш мәлімделген өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі, алименттер төлеу жөніндегі талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне бірінші кезекте қанағаттандырылуға жататын талаптар ретінде енгізіледі.

5-1. Кредитор (кредиторлар) талаптарды мәлімдемеген жағдайда кредиторлар талаптарының тізілімі борышкер ұсынған деректерден, оның ішінде кредиттік бюrolардың дерекқорында көрсетілген мәліметтер ескеріле отырып қалыптастырылады.

6. Кредиторлар талаптарының қалыптастырылған тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген жағдайларда енгізілуі мүмкін.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

28-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешім

1. Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешімді осы Заңның 24-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген қаржы басқарушысының қорытындысын ескере отырып қабылдайды.

2. Соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешімінде:

1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешім заңды күшіне енген күннен бастап екі айдан кешіктірілмейтін мерзімде қаржы басқарушысының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын ұсынатыны;

2) осы Заңның 22-бабының 1-тармағында көзделген салдардың сакталатыны туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.

29-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары

1. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында алынатын кірістер мен ағымдағы шығыстар, сондай-ақ кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру графигі мен борышкердің ай сайын өз иелігінде қалдыратын ақшасы ескеріле отырып, борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған кез келген қаржылық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-шаралар қамтылады.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау мерзімі осы Заңның 32-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, бес жылдан аспауға тиіс.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары мерзімінен бұрын орындалуы мүмкін.

2. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында мынадай бір немесе бірнеше құрал:

1) міндеттемені орындау мерзімін өзгерту (борышты төлеуді кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу);

2) борышты немесе оның бір бөлігін, оның ішінде тұрақсыздық айыбын (айыппулдарды, есімпұлды) кешіру;

3) қарызды пайдаланғаны үшін сыйақының пайыздық мөлшерлемесін төмендету;

4) қарыз шартын орындаудың жалпы мерзімін бір мезгілде ұлғайта отырып, тұрақты ағымдағы төлемдердің мөлшерін азайту;

5) міндеттемені орындау тәсілін өзгерту;

6) кепілді кредитор қарыз шарты бойынша міндеттемелерді кешірген жағдайда, оған кепіл нысанасын беру арқылы кепілді кредитордың талаптарын қанағаттандыру;

7) осы тармақта көзделмеген өзге де құралдар көзделеді.

3. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында мынадай:

1) мүліктің бір бөлігін сату;

2) мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) беру;

3) дебиторлық берешекті өндіріп алу;

4) тұрғын үйді (автокөлікті) құны төмен тұрғын үйге (автокөлікке) айырбастау;

5) кейіннен құны төмен тұрғын үй (автокөлік) сатып ала отырып, тұрғын үйді (автокөлікті) сату;

6) борышкерді жұмысқа орналастыру шаралары;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шаралар көзделуі мүмкін.

4. Қаржы басқарушысы соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешімі занды күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде борышкердің

қатысуымен үлгілік жоспардың нысаны негізінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасын әзірлеуге міндettі.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасы талаптары кредиторлар талаптырының тізіліміне енгізілген кредиторларға қарау үшін жіберіледі. Кредиторлар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оған ұсыныстар мен ескертулер енгізеді.

Ұсыныстарды және (немесе) ескертулерді көрсетілген мерзімнен кеш енгізу кредитордың ұсыныстары мен ескертулерінің болмауына теңестіріледі.

5. Осы баптың 4-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысы төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің түпкілікті жоспарын жасауға және оны сотқа, сондай-ақ талаптары кредиторлар талаптырының тізіліміне енгізілген кредиторларға жіберуге міндettі.

Кредиторлардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасына енгізілген ұсыныстары және (немесе) ескертулері сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің түпкілікті жоспарымен бір мезгілде жіберіледі.

Егер төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің түпкілікті жоспарын жасау кезінде кредитордың (кредиторлардың) ұсыныстары және (немесе) ескертулері ішінше немесе толық көлемде ескерілмесе, онда қаржы басқарушысы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату кезінде барлық кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін болжамды сома көрсетілетін есеп-қисаптарды төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарына қоса беруге міндettі.

30-бап. Соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын қарау нәтижелері

1. Сот қаржы басқарушысы ұсынған төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын қарау нәтижелері бойынша мынадай сот актілерінің бірін:

1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекіту туралы ұйғарымды;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімді шығарады.

2. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекіту туралы ұйғарымды сот мынадай:

1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасына кредиторлардың ұсыныстары және (немесе) ескертулері болмаған;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің түпкілікті жоспарын жасау кезінде кредиторлардың барлық ұсыныстары және (немесе) ескертулері ескерілген;

3) егер қаржы басқарушысы төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің түпкілікті жоспарына қоса берген есеп-қисаптар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау барлық кредиторлардың талаптарын төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі тоқтатылған жағдайдағыдан кем емес мөлшерде қанағаттандыруға алып келетінін куәландырған жағдайларда шығарады.

3. Соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекіту туралы үйғарымында:

1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекіту;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау, кредиторларды осындай жоспардың орындалғаны туралы хабардар ету және борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін аяқтау туралы өтінішхатпен сотқа жүгіну мерзімдері;

3) осы Заңның 22-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көзделген салдардың тоқтатылғаны туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.

4. Егер қаржы басқарушысы төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің түпкілікті жоспарына қоса берген есеп-қисаптар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау барлық кредиторлардың талаптарын төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі тоқтатылған және кредитордың өтінішхаты бойынша сот арқылы банкроттық рәсімі қолданылған жағдайға қарағанда неғұрлым аз көлемде қанағаттандыруға алып келетінін куәландыратын болса, сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімді қабылдайды.

5. Соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы нұсқаулар, сондай-ақ осы Заңның 36-бабының 2-тармағында көзделген нұсқаулар қамтылуға тиіс.

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

31-бап. Соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекітуінің салдары

Соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекіту туралы үйғарымы занды күшіне енген күннен бастап мынадай салдар басталады:

1) борышкердің міндеттемелері төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделген тәртіппен және шарттарда орындалуға жатады;

2) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделмеген өз мүлкін иеліктен шығару немесе жаңа міндеттемелерді өзіне қабылдау бойынша мәмілелер жасасуына тыйым салынады;

3) борышкердің арызы, соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекіту туралы үйғарымының ұсынылған көшірмесі негізінде борышкердің мүлкіне қойылған шектеулер алынады;

4) алынған қарыздар бойынша сыйақыны есепке жазу тоқтатылады;

5) борышкердің қарыздар (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) алу, кепілдіктер мен кепілгерліктер беру бойынша мәмілелер жасасуына тыйым салынады.

6) қаржы басқарушысының өкілеттігі тоқтатылады.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

32-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау

1. Борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын өзі дербес орындаиды.

Кредиторлар өздеріне борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының орындалу барысы туралы тұрақты негізде ақпарат беру міндетін борышкер үшін белгілеу не бақылау жөніндегі функцияларды кредиторлардың біріне жүктеу арқылы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау мерзімі аяқталғаннан кейін борышкер мерзім аяқталған күннен кейінгі күні кредиторларға төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының орындалғаны туралы хабарлама жібереді және рәсімді аяқтау туралы өтінішхатпен сотқа жүгінеді.

2. Сот борышкердің өтінішхаты келіп түсken күннен бастап он жұмыс күні ішінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін аяқтау туралы шешім шығарады, онда:

1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін аяқтау;

2) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру;

3) борышкердің осы баптың 3-тармағында көзделген міндеттемелерді орындау жөніндегі міндетін сактау туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.

3. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі аяқталғаннан кейін борышкердің:

1) осы Заңың 46-бабында көрсетілген міндеттемелерді;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау мерзіміне қарағанда неғұрлым ұзақ мерзімі бар міндеттемелерді осындај жоспарда көзделген шарттарда орындау жөніндегі міндеттері сақталады.

33-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындаудың салдары

1. Егер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделген іс-шараларды орындау мүмкін болмаса, борышкер жоспарланған іс-шараны орындау мерзімі өткеннен кейінгі күннен бастап бір айдан кешіктірмей, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішхатпен сотқа жүгінуге міндетті.

2. Борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделген іс-шараларды екі айдан астам орындаған жағдайда, кредитор төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішхатпен сотқа жүгінуге құқылы.

3. Борышкердің осы баптың 1-тармағында көзделген міндettі орындауы соттың оның сот арқылы банкроттық рәсімі аяқталған күнге орындалмай қалған міндettемелерін тоқтатудан бас тартуына негіз болып табылады.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделген іс-шараны орындау еңсерілмейтін күш мән-жайларының, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, әскери қимылдар, төтенше жағдай және басқалар) салдарынан не үшінші тұлғалардың кінәсінен мүмкін болмаған жағдайларға осы тармақтың күші қолданылмайды.

34-бап. Борышкердің немесе кредитордың өтінішхатын сотта қарау

1. Сот борышкердің немесе кредитордың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішхаты келіп түсken күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, борышкерге, кредиторларға, уәкілетті органға сот отырысының күні, уақыты мен орны туралы хабарлай отырып, сот отырысын тағайындаиды.

2. Өтінішхатты сот отырысында қарау нәтижелері бойынша сот азаматтық сот ісін жүргізуінде жалпы қағидалары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешім қабылдайды не өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартады.

3. Соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы нұсқаулар, сондай-ақ осы Заңның 36-бабының 2-тармағында көзделген нұсқаулар қамтылуға тиіс.

35-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін тоқтату

1. Кредитор немесе уәкілетті орган:

1) борышкер қайтыс болған, соттың оны хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі занды күшіне енген;

2) борышкер осы Заңның 7-бабында көзделген міндettерді орындаған жағдайларда, сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін тоқтату туралы өтінішхат жасайды.

2. Сот кредитордың немесе уәкілетті органның өтінішхатын қарау нәтижелері бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін тоқтату туралы шешім шығарады.

3. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін тоқтату борышкердің кредиторлар алдындағы міндettемелерін тоқтатуға алып келмейді.

36-бап. Сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешім

1. Сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімді сот қаржы басқарушысының қорытындысын ескере отырып қабылдайды.
2. Сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы сот шешімінде:
 - 1) қаржы басқарушысының сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы хабарландыруды уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін уәкілетті органға жіберуі;
 - 2) қаржы басқарушысының борышкердің мүлкін сатуы және оның кредиторлармен есеп айырысуды жүзеге асыруы;
 - 3) борышкердің мүлкін басқару құқығының қаржы басқарушысына ауысуы;
 - 4) соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде борышкердің мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды борышкердің қаржы басқарушысына беруі;
 - 5) борышкердің ақшаны есепке жатқызу, ағымдағы шығыстарды өтеу және кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін ақшаны банктік шоттардан қаржы басқарушының ағымдағы шотына аударуы;
 - 6) борышкердің мүлкіне салынған барлық шектеулер мен ауыртпалықтарды (оның шоттарына қойылған инкассолық өкімдерді, мүлікке тыйым салуларды және басқаларды) қаржы басқарушысының арызы негізінде, оларды салған органдардың тиісті шешімдерін қабылдамай, алып тастау;
 - 7) борышкердің өзіне жаңа ақшалай немесе мүліктік міндеттемелер қабылдауына (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) тыйым салу;
 - 8) борышкердің Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығуына тыйым салу туралы нұсқаулар қамтылады.

37-бап. Сот арқылы банкроттық рәсімінің мерзімі

1. Сот арқылы банкроттық рәсімінің мерзімі сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімді құрайды.

Осы баптың 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде сот осы тармакта белгіленген мерзімді алты айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

2. Сот арқылы банкроттық рәсімінің мерзімін ұзарту үшін:
 - 1) соттың іс жүргізуінде борышкер мен оның кредиторларының мүліктік мүдделерін қозғайтын істің болуы;
 - 2) өткізілмеген мүліктің болуы;
 - 3) қаржы басқарушысының Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы кезінде әдейі банкроттық немесе

құқыққа сыйымсыз әрекеттер белгілері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына жүгінуі;

4) қаржы басқарушысының қорытынды есебін бекітуден бас тарту туралы сот үйғарымында көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою қажеттігі;

5) уәкілетті орган анықтаған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою қажеттігі негіз болып табылады.

38-бап. Борышкердің мұліктік массасы

1. Мұліктік массаның құрамына борышкердің Қазақстан Республикасындағы және оның шегінен тыс жерлердегі барлық жылжымалы және жылжымайтын мұлкі кіреді, оның ішінде:

құқық және (немесе) мәміле құзыретті органда, оның ішінде шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекетте мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге жататын мұлік;

банктік шоттардағы, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі шетелдік банктердегі ақша;

қолма-қол ақша;

тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын ғимараттағы үлес;

занды тұлғаның, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жerde құрылған занды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі;

бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары (орындалуы базалық активті сатып алу немесе өткізу жолымен жүргізілетін туынды қаржы құралдарын қоспағанда);

инвестициялық алтын;

зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілері;

шарт немесе міндеттеменің немесе талаптың туындауына негіз болып табылатын, нотариат куәландырған (растаган) өзге де құжат болған кезде басқа тұлғалардың борышкер алдындағы берешегі (дебиторлық берешек);

ветеринариялық паспорты немесе меншік құқығын растайтын өзге де құжаты болған кезде жануарлар;

асыл тастар мен бағалы металдар, олардан жасалған зергерлік бұйымдар және құрамында асыл тастар мен бағалы металдар бар басқа да заттар, сондай-ақ өнер және антиквариат туындылары, тері бұйымдары, басқа да бағалы киім;

цифрлық активтер кіреді.

2. Бірлескен меншіктегі мұліктен борышкердің үлесін бөліп шығару Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Мұліктік массаның құрамына Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мэртебесі туралы заңнамасына сәйкес өндіріп

алуды қолдануға болмайтын мүлік, сондай-ақ борышкердің міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету болып табылмайтын жалғыз тұрғынжайы кірмейді.

4. Алып тасталды – КР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

39-бап. Борышкердің мүліктік массасын сату

1. Қаржы басқарушысы борышкердің мүліктік массасын сатуды электрондық аукцион өткізу жолымен немесе борышкердің мүліктік массасын сату жоспарына сәйкес тікелей сату әдісімен жүзеге асырады.

Борышкердің міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету болып табылатын және осы Заңның 41-бабына сәйкес кепілді кредитор заттай түрінде қабылдамаған мүлкі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының басқа да зандарында көзделген ережелер ескеріле отырып, сатылуға жатады.

Борышкердің үшінші тұлғаның міндеттемелерін қамтамасыз ету нысанасы болып табылатын мүлкі, орын алған ауыртпалықтар ескеріле отырып, сатылуға жатады.

2. Қаржы басқарушысы соттың сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімі қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде борышкердің мүліктік массасын сату жоспарының жобасын өзі дербес жасайды.

Борышкердің мүліктік массасын сатудың таңдал алынған тәсілі кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру мақсаты үшін мүлікті неғұрлым тиімді өткізуді қамтамасыз етуге тиіс.

Борышкердің мүлкін өткізу жасалған күнінен бері алты айдан астам уақыт өтпеген бағалау туралы есепте көрсетілген осындай мүліктің бағалау құнының жетпіс бес пайызынан төмен емес құн бойынша жүргізіледі.

3. Борышкердің мүліктік массасын сату жоспарының жобасы талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторларға қарау үшін жіберіледі. Кредиторлар мүліктік массаны сату жоспарының жобасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оған ұсыныстар және (немесе) ескертулер енгізеді.

Борышкердің мүліктік массасын сату жоспарының жобасына ұсыныстарды және (немесе) ескертулерді осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнен кеш енгізу кредитордың ұсыныстарының және (немесе) ескертулерінің болмауына теңестіріледі.

4. Қаржы басқарушысы осы баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде борышкердің мүліктік массасын сатудың түпкілікті жоспарын жасайды және оны талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторларға мәлімет үшін жібереді.

Кредиторлар борышкердің мұліктік массасын сату жоспарын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оған сотқа шағым жасауға құқылы.

Занды күшіне енген сот шешімі борышкердің мұліктік массасын сату жоспарына өзгерістер енгізуге негіз болып табылады.

5. Борышкердің мұлкін сату жөніндегі электрондық аукционды өткізу тәртібін және оны ұйымдастырушыны уәкілетті орган айқындауды.

40-бап. Борышкердің мұліктік массасын бөлу кезектілігі

1. Борышкердің ағымдағы шығыстары борышкердің мұлкі есебінен кезектен тыс төленуге жатады.

2. Бірінші кезекте өмірге немесе денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу бойынша берешекті өндіріп алу жөніндегі, алименттерді өндіріп алу жөніндегі талаптар қанағаттандырылады.

3. Екінші кезекте салықтық берешек, сондай-ақ кедендік төлемдер бойынша берешек, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ сот шешімі бойынша өндіріп алынатын бюджетке төленетін төлемдер өтеледі.

4. Үшінші кезекте азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелер бойынша басқа кредиторлармен есеп айырысу жүргізіледі, сондай-ақ кредиторлардың:

осы Заңның 41-бабының 7-тармағында көзделген жағдайда;

соттың мәмілені жарамсыз деп тану және мұлікті борышкердің мұліктік массасына қайтару туралы шешім қабылдауы нәтижесінде туындаған талаптары қанағаттандырылады.

5. Төртінші кезекте кредиторлардың залалдарды өтеу және тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлды) өндіріп алу жөніндегі талаптары қанағаттандырылады.

6. Бесінші кезекте өмірге немесе денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі, алименттерді өндіріп алу жөніндегі талаптарды қоспағанда, осы Заңның 8-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген міндетті орынданамаған кредиторлардың талаптары, сондай-ақ осы Заңның 27-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзімнен кеш мәлімделген талаптар қанағаттандырылады.

7. Бір кезектегі кредиторлар арасында талаптарды өтеу үшін мұлік жеткіліксіз болған жағдайда, мұндай мұлік олардың арасында тізілімге енгізілген талаптарының мөлшеріне пропорционалды түрде бөлінеді.

41-бап. Кепілге салынған мұлікті заттай қабылдау арқылы кепілді кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру

1. Борышкердің мұліктік массасында кепілге салынған мұлік болған жағдайда, қаржы басқарушысы түгендеу актісі жасалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде кепілді кредиторға кепілге салынған мұлікті заттай қабылдау туралы ұсыныс жібереді.

2. Кепілді кредитор осы баптың 1-тармағында көрсетілген ұсынысты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, кепілге салынған мүлікті заттай қабылдауға жазбаша түрде келісімін немесе одан бас тартатынын білдіреді.

3. Кепілді кредитор кепілге салынған мүлікті заттай қабылдауға келіскең жағдайда, қаржы басқарушысына кепілге салынған мүлікті заттай қабылдау туралы жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап бір айдан кешіктірмей, кепілге салынған мүлікті бағалауға және күтіп-ұстауға байланысты шығыстарды өтеуге міндettі.

4. Қаржы басқарушысы осы баптың 3-тармағында көрсетілген шығыстар өтелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кепілге салынған мүлікті кепілді кредиторға оның талаптарын қанағаттандыру есебіне береді.

5. Егер кепілге салынған мүліктің бағалау құны кепілді кредитор талаптарының мөлшерінен көп болса, айырманы кепілді кредитор кепілге салынған мүлікті қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде борышкердің мүліктік массасына береді.

6. Егер кепілге салынған мүліктің бағалау құны кепілді кредитор талаптарының мөлшерінен аз болса, кепілді кредитордың талаптары өтелді деп есептеледі.

7. Кепілді кредитордың талаптарын қанағаттандыру мынадай:

1) кепілді кредитор кепілге салынған мүлікті заттай қабылдаудан бас тартқан;

2) кепілді кредитор қаржы басқарушысының ұсынысына осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімде жауап ұсынбаған;

3) осы баптың 3-тармағында айқындалған шығыстар толық көлемде өтелмеген жағдайларда, осы Заңның 40-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Кепілді кредитор осы баптың 7-тармағында көзделген жағдайлар басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысына борышкердің кепілге салынған мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды беруге міндettі.

42-бап. Кредиторлармен есеп айырысу қағидалары

1. Қаржы басқарушысы кредиторлармен есеп айырысуды қолма-қол ақша (заттай) нысанында да, қолма-қол ақшасыз нысанда да қаржы басқарушысының шотынан кредиторлардың шоттарына ақша аудару арқылы жүргізеді.

2. Қаржы басқарушысы кредиторлармен есеп айырысу кезінде борышкердің мүліктік массасын сатудан түсken ақшаны, сондай-ақ "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 98-бабына сәйкес өндіріп алушы қолдануға болмайтын кірістерді қоспағанда, борышкердің кірістерін пайдаланады.

Бұл ретте борышкердің иелігінде қалатын ақша осы Заңның 7-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген сомадан кем болмауға тиіс.

3. Осы Заңның 27-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінде көзделген мерзім өткеннен кейін, бірақ барлық кредиторлармен есеп айырысу аяқталғанға дейін мәлімделген

бірінші кезектегі кредиторлардың талаптары бірінші кезек құрамындағы кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізіледі және борышкердің мүліктік массасы есебінен қанағаттандырылуға жатады. Мұндай талаптар тізілімге енгізілгенге дейін кредиторлардың талаптарын өтеу тоқтатыла тұрады.

4. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақша сомасы мен борышкердің сатуға ұсынылған, бірақ өткізілмей қалған, сондай-ақ талапты қанағаттандыру есебіне кредитор немесе ағымдағы шығыстарды өтеу есебіне қаржы басқарушысы қабылдамаған мүлкі борышкерге қайтарылады.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

43-бап. Қаржы басқарушысының қорытынды есебі және қорытындысы

1. Кредиторлармен есеп айырысу аяқталғаннан кейін қаржы басқарушысы:

- 1) белгіленген нысан бойынша қорытынды есепті;
- 2) белгіленген нысан бойынша банкроттың міндеттемелерін тоқтатуға негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы қорытындыны жасайды.

2. Қаржы басқарушысы осы Заңың 37-бабының 1-тармағында белгіленген мерзімдерде сотқа қорытынды есепті, банкроттың міндеттемелерін тоқтатуға негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы қорытындыны жібереді.

Қаржы басқарушысы қорытынды есеп пен қорытындының көшірмесін борышкерге, кредиторларға және уәкілетті органға бір мезгілде жібереді.

44-бап. Соттың қаржы басқарушысының қорытынды есебін қарауы

1. Сот қаржы басқарушысының қорытынды есебі және банкроттың міндеттемелерін тоқтатуға негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы қорытынды келіп түсken күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, сот отырысын тағайындаиды.

2. Уәкілетті орган сотта қаржы басқарушысының қорытынды есебін қарау кезінде, егер сот арқылы банкроттық рәсімін жүргізу барысында жиынтығында мынадай мән-жайлар:

1) борышкердің Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының санатына жататыны;

2) Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес өндіріп алу қолданылуы мүмкін мүліктің болмауы анықталған жағдайда, қаржы басқарушысына бюджет қаражатының есебінен сыйақы төлеу туралы өтінішхатты мәлімдеуге міндетті.

3. Көрсетілген құжаттар сотқа келіп түсken бастап бір айдан кешіктірмей, сот қаржы басқарушысының қорытынды есебін бекітеді және сот арқылы банкроттық

рәсімін аяқтау және банкроттың сот арқылы банкроттық рәсімі барысында орындалмай қалған міндеттемелерін тоқтату туралы немесе мұндай тоқтатудан бас тарту туралы шешімді қабылдайды.

4. Сот осы Заңның 45-бабында көзделген мән-жайлар болған жағдайда, сот арқылы банкроттық рәсімін аяқтау және банкроттың сот арқылы банкроттық рәсімі барысында орындалмай қалған міндеттемелерін тоқтатудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

5. Сот осы Заңның 45-бабында көзделген мән-жайлар болмаған жағдайда, сот арқылы банкроттық рәсімін аяқтау және банкроттың сот арқылы банкроттық рәсімі барысында орындалмай қалған міндеттемелерін тоқтату туралы шешім қабылдайды.

6. Сот арқылы банкроттық рәсімін аяқтау және банкроттың сот арқылы банкроттық рәсімі барысында орындалмай қалған міндеттемелерін тоқтату туралы шешімде:

1) қаржы басқарушысының қорытынды есебін бекіту;

2) сот арқылы банкроттық рәсімін аяқтау;

3) қаржы басқарушысының өкілеттіктерін тоқтату;

4) банкроттың сот арқылы банкроттық рәсімінің қорытындылары бойынша орындалмай қалған міндеттемелерін тоқтатудан бас тарту;

5) шешім шығарылған күнге қанағаттандырылмай қалған кредиторлар талаптарының сомасы;

6) банкротқа бес жыл бойы қарыз (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) беруге тыйым салу, сондай-ақ одан банктік қарыз және микрокредит беру шарттары бойынша кепіл, кепілдік және кепілгерлік түрінде қамтамасыз етуді қабылдаудан бас тарту;

7) осы баптың 2-тармағында көзделген өтінішхатта көрсетілген сомаларды төлеу;

8) уәкілетті органға "электрондық үкімет" веб-порталында сот арқылы банкроттық рәсімін аяқтау және борышкердің міндеттемелерін тоқтатудан бас тарту туралы хабарландыру орналастыруды тапсыру;

9) банкроттың Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығуына салынған тыйымды алып тастау туралы нұсқаулар қамтылады.

7. Сот арқылы банкроттық рәсімін аяқтау және банкроттың сот арқылы банкроттық рәсімі барысында орындалмай қалған міндеттемелерін тоқтату туралы шешімде:

1) қаржы басқарушысының қорытынды есебін бекіту;

2) сот арқылы банкроттық рәсімін аяқтау;

3) қаржы басқарушысының өкілеттіктерін тоқтату;

4) осы Заңның 46-бабында көрсетілген міндеттемелерді қоспағанда, банкроттың сот арқылы банкроттық рәсімінің қорытындылары бойынша орындалмай қалған міндеттемелерін тоқтату;

5) бес жыл бойы қарыздар (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) алу, кепілдіктер мен кепілгерліктер беру жөнінде мәмілелер жасасуға тыйым салу;

- 6) осы баптың 2-тармағында көзделген өтінішхатта көрсетілген сомаларды төлеу;
- 7) банкроттың Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығуына салынған тыйымды алып тастау туралы нұсқаулар қамтылады.

Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

45-бап. Банкроттың міндеттемелерін тоқтатудан бас тартуға негіз болыш табылатын мән-жайлар

Банкроттың міндеттемелері мынадай мән-жайлардың бірі немесе бірнешеуі болса:

- 1) борышкер жалған ақпарат берсе және (немесе) өзінің қаржылық жағдайы, мүлкі мен міндеттемелері туралы ақпаратты, оның ішінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерін қолдану туралы арыз берген кезде жасырса;

- 2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдері барысында борышкер мүлікті, оның бір бөлігін және (немесе) ол туралы ақпаратты жасырса не қаржы басқарушысына, сотқа немесе уәкілетті органға өзінің қаржылық жағдайы, мүлкі мен міндеттемелері туралы мәліметтер алуда кедергі жасаса және (немесе) қаржы басқарушысының заңды талаптарын орындамаса және (немесе) оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына өзге де түрде кедергі жасаса;

- 3) борышкер берешектің мөлшерін ұлғайтса немесе өзінің қаржылық жағдайын, оның ішінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдері барысында мүлікті иелікten шығару, өзіне жаңа міндеттемелер қабылдау жолымен кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып нашарлатса;

- 4) борышкер банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл бойы активтерді кредиторларға залал келтіре отырып азайтса;

- 5) борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдері барысында, сондай-ақ төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерін қолдану туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл бойы бір кредиторға басқалардың алдында негіzsіз артықшылық көрсетсе немесе кредиторларға залал келтіретін өзге де әрекеттерді жасаса;

- 6) борышкер әдейі банкроттыққа кінәлі деп танылса;

- 7) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдеріне бастамашылық жасау жөніндегі немесе оны жүргізу барысындағы әрекеттерін (әрекетсіздігін) кредиторлар алдындағы жауапкершілікten жалтару тәсілі ретінде бағалауға мүмкіндік беретін, соттың қалауы бойынша өзге де мән-жайлар болса, тоқтатылмайды.

46-бап. Банкроттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық ресімдері аяқталғаннан кейін тоқтатылуға жатпайтын міндеттемелері

Мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алименттерді алуға құқығы бар адамдарға оларды төлеу;
- 2) адамның өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу;
- 3) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес туындайтын талаптар;
- 4) қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша залалды өтеу, сондай-ақ сот шешімі бойынша өндіріп алынатын бюджетке төленетін түсімдер;
- 5) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және (немесе) сот арқылы банкроттық ресімін жүргізген қаржы басқарушысының толық көлемде немесе оның бір бөлігінде төлемі болмаған жағдайда оның сыйақысы банкроттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық ресімдері аяқталғаннан кейін тоқтатылуға жатпайтын міндеттемелері болып табылады.

Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

47-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс және сот арқылы банкроттық ресімдері қолданылған, тоқтатылған және аяқталған азаматтардың тізімін уәкілетті органның интернет- ресурсында және "электрондық үкімет" веб-порталында орналастыру

1. Уәкілетті орган өзінің интернет-ресурсында және "электрондық үкімет" веб-порталында:

- 1) өздеріне қатысты соттан тыс банкроттық ресімі қолданылған, тоқтатылған және аяқталған азаматтардың тізімін;
- 2) өздеріне қатысты соттардың тиісті үйғарымдары мен шешімдері заңды күшіне енген азаматтардың тізімін орналастырады.

Соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық ресімін қолдану туралы шешімінің күші жойылған жағдайларда, азамат тізімнен шығарылады.

2. Осы бапта көзделген азаматтардың тізімі ай сайын, өткен айдан кейінгі айдың 20-ынан кешіктірілмей жаңартылады.

48-бап. Қаржылық жағдайға мониторинг жүргізу

1. Уәкілетті орган соттан тыс және сот арқылы банкроттық ресімін жүргізу кезеңінде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде борышкердің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді.

Бұл ретте қаржылық жағдай мониторингінің шеңберінде борышкердің кредиторлар алдындағы міндеттемелерді орындаудан жалтаруы мақсатында жеке мұдделері үшін жасаған әрекеттеріне тексеру жүзеге асырылады, оның нәтижелері рәсімді тоқтатуға немесе банкроттың міндеттемелерін тоқтатудан бас тартуға негіз болуы мүмкін.

2. Борышкер банкрот деп танылғаннан кейін үш жыл бойы уәкілетті орган банкроттың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді.

Банкроттың қаржылық жағдайына мониторингті кредиторлар да жүргізуге құқылы.

Банкроттың мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікті, оның ішінде ортақ бірлескен мүлікті сатып алу фактісі анықталған жағдайда, уәкілетті орган кредиторларға банкроттың қаржылық жағдайына мониторингтің нәтижелерін жібереді.

Кредиторлар уәкілетті органнан ақпаратты алған кезде сотқа борышкерді банкрот деп танудың қүшін жою және Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне сәйкес банкроттың рәсімін қайта бастау туралы жүгінуге құқылы.

3. Осы бапта көрсетілген қаржылық жағдайға мониторинг осы Заңның 5-бабының 3 -тармағында көзделген негіздер бойынша соттан тыс банкроттың рәсімін қолданған Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты жүргізілмейді.

Ескерту. 48-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-тaraу. БІТІМГЕРШІЛК КЕЛІСІМ

49-бап. Бітімгершілік келісім жасасу шарттары

1. Сот арқылы банкроттың рәсімін жүргізудің кез келген сатысында борышкер мен кредиторлар бітімгершілік келісім жасасуға құқылы.

2. Бітімгершілік келісімде көзделген құқықтар мен міндеттерді өзіне қабылдайтын үшінші тұлғалардың бітімгершілік келісімге қатысуына жол беріледі.

3. Бітімгершілік келісімді сот бекітеді.

Сот бітімгершілік келісімді бекіту кезінде бітімгершілік келісімді бекіту туралы ұйғарым шығарады, онда сот арқылы банкроттың рәсімінің тоқтатылатыны және борышкерге қатысты сот арқылы банкроттың рәсімін қолдану туралы шешімнің орындалуға жатпайтыны көрсетіледі.

4. Бітімгершілік келісім соттың оны бекіту туралы ұйғарымы күшіне енген күннен бастап күшіне енеді және борышкер, кредиторлар және бітімгершілік келісімге қатысатын үшінші тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

5. Күшіне енген бітімгершілік келісімді орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді.

6. Сот бітімгершілік келісімді бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарған жағдайда, бітімгершілік келісім жасалмаған деп есептеледі.

Соттың бітімгершілік келісімді бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығаруы жаңа бітімгершілік келісімді жасасуға кедергі болмайды.

7. Борышкер және (немесе) кредиторлар және (немесе) үшінші тұлғалар бітімгершілік келісімнің шарттарын орындаған жағдайда, бітімгершілік келісім сот шешімі бойынша бұзылуы мүмкін.

8. Соттың бітімгершілік келісімді бекіту туралы ұйғарымына, сол сияқты соттың бітімгершілік келісімді бекітуден бас тарту туралы ұйғарымына Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы (наразылық келтірілуі) мүмкін.

9. Соттың бітімгершілік келісімді бекіту туралы ұйғарымының қүшін жою сот арқылы банкроттық рәсімін қайта бастауға негіз болып табылады.

Соттың бітімгершілік келісімді бекіту немесе бітімгершілік келісімді бұзу туралы ұйғарымының қүшін жою туралы шешім қабылдаған сот соттың актісінде сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану (қайта бастау) жөнінде іс қозғау туралы көрсетуге міндетті

10. Соттың бітімгершілік келісімді бекіту туралы ұйғарымының қүші жойылған немесе бітімгершілік келісім бұзылған және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалған жағдайда, өздеріне қатысты бітімгершілік келісім жасалған кредиторлар талаптарының көлемі бітімгершілік келісімде белгіленген шарттар ескеріле отырып айқындалады.

50-бап. Бітімгершілік келісімнің мазмұны

1. Бітімгершілік келісім, оның ішінде:

1) борышкердің міндеттемелерін орындауды кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу;

2) борышкердің талап ету құқықтарын басқага беру;

3) борышкердің міндеттемелерін үшінші тұлғалардың орындауы;

4) борышты аудару;

5) кредиторлардың талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қанағаттандыру шарттарымен жасалуы мүмкін.

2. Бітімгершілік келісімде борышкер міндеттемелерінің мөлшері, оларды орындау тәртібі мен мерзімдері және (немесе) оның міндеттемелерін тоқтату туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

3. Бітімгершілік келісімге борышкер мен кредитор (кредиторлар) қол қояды.

Егер бітімгершілік келісімге үшінші тұлғалар қатысатын болса, бітімгершілік келісімге осы тұлғалар немесе олардың уәкілетті өкілдері де қол қояды.

4. Бітімгершілік келісімде борышкердің барлық кредитор алдындағы міндеттемелерін орындау тәртібі мен мерзімдері туралы ережелер қамтылуға тиіс.

51-бап. Бітімгершілік келісімді бекітудің салдары

1. Бітімгершілік келісімді бекіту сот арқылы банкроттық рәсімін тоқтатуға негіз болып табылады.
2. Соттың бітімгершілік келісімді бекіту туралы ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап қаржы басқарушының өкілеттіктері тоқтатылады.
3. Соттың бітімгершілік келісімді бекіту туралы ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап:
 - 1) борышкер және (немесе) үшінші тұлғалар бітімгершілік келісімнің шарттарына сәйкес кредиторлар алдындағы берешекті өтеуге кіріседі;
 - 2) осы Заңның 22-бабына сәйкес борышкерге қолданылған салдар тоқтатылады.

5-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

52-бап. Осы заңды бұзғаны үшін жауаптылық

Осы Заңды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

53-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін 9-баптың 7) және 8) тармақшаларын және 15-баптың 1, 2, 4 және 5-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

K. TOKAEV